

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНДА ПАРАДИГМАЛЫҚ ОЙЛАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Рамазан Абайұлы Кокжалов

LLM, Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты директорының орынбасары; Астана қ., Қазақстан Республикасы;
e-mail: Ramazan_Kokzhalov@kazguu.kz

Аннотация. Парадигмалық ойлау әлі күнге дейін Қазақстанның құқық ғылымына толықтай енбеген. Алайда, оның дұрыс конституциялық және заңнамалық шешімдер қабылдауда маңызды рөл атқару әлеуеті бар. Парадигма ұғымы құқық тарихын, философиясын және ғылымын жүйелеуге негіз жасайды. Осылайша, парадигмалық ойлау құқықтың эволюциялық дамуына үлес қосып, ұлттық болмыс пен заң шығару процесі арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ете алады.

Парадигманы ғалымдардың әлем мен қоршаған процестерді байқайтын «оптикасы» деп қарастыруға болады. Қазақстанның кеңестік тарихы, сондай-ақ Батыс елдерінің құқықтық доктриналары елдің юриспруденциясына әлі де айтарлықтай ықпал етуде. Барлық посткеңестік елдердің құқықтың іргелі негіздерін еуропоцентрлік және американо-центрлік көздерден алып отырғаны анық, бірақ бұл негіздер әртүрлі тарихи және мәдени контекстерде дамыған.

Басқа діл аясында тарихи және мәдени тұрғыда қалыптасқан құқық нормалары қазақ қоғамының өміріне толықтай сәйкес келмейді. Мысалы, Қытайда, конфуцийшілдіктен туындаған идеялар мен этикаға үйлесімді, әлеуметтік база жүйесі (Social Credit System) заңнамалық деңгейде қабылданған. Сол себепті, Батыс елдері Қытайдың мұндай құқықтық институтын жиі сынға алады. Қазақ қоғамының мұндай институтты қабылдауы екіталай, себебі халқымыздың тереңнен бастау алатын ерекше еркіндік идеясы бар. Алайда, теориялық тұрғыдан алғанда, мұндай нормативтік шешім еліміздің қазіргі құқықтық даму кезеңінде пайда болуы әбден мүмкін, себебі құқық жүйемізде парадигмалық ойлау қалыптаспаған.

Құқықтық парадигмалық ойлау – шешім қабылдау үшін негіз бола алатын философиялық, тарихи және ғылыми көзқарастар алғышарттары. Қазақ юриспруденциясының отарлауға және кеңес дәуіріне дейінгі кезеңдегі философияны жүйелеу арқылы өз эволюциялық дамуын қалпына келтіруге әлеуеті бар және бұл үдерісті құқықта парадигмалық ойлауды қалыптастыру арқылы жүзеге асыруға болады.

Түйінді сөздер: құқық парадигмасы, құқық философиясы, құқық тарихы, құқықтың эволюциялық дамуы, парадигмалық ойлау, құқықтық позитивизм.

ОСНОВЫ ПАРАДИГМАТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ
В ПРАВОВОЙ НАУКЕ**Кокжалов Рамазан Абаевич**

LLM, заместитель директора Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан; г. Астана, Республика Казахстан;
e-mail: Ramazan_Kokzhalov@kazguu.kz

Аннотация. Парадигматическое мышление до сих пор не вошло в правовую науку Казахстана, однако обладает потенциалом играть важную роль в принятии правильных конституционных и законодательных решений. Понятие парадигмы закладывает основу для систематизации истории, философии и науки права. Таким образом, парадигматическое мышление может способствовать эволюционному развитию права и обеспечивать гармонию между национальной идентичностью и законодательными процессами.

Парадигму можно рассматривать как «оптику», через которую ученые наблюдают мир и процессы, происходящие вокруг. Советское прошлое Казахстана, а также западные правовые доктрины до сих пор оказывают значительное влияние на отечественную юриспруденцию. Очевидно, что все постсоветские страны заимствуют фундаменталь-

ные основы права из европоцентричных и американоцентричных источников, однако эти основы развивались в иных исторических и культурных контекстах.

Правовые нормы, исторически и культурно сформированные в другом культурном пространстве, не всегда могут соответствовать жизни конкретного общества. Например, в Китае система социальной оценки (Social Credit System), принятая на законодательном уровне, гармонично сочетается с идеями и этикой, происходящими из конфуцианства. Однако, не понимая этого, западные страны часто критикуют данный правовой подход Китая. Подобный правовой институт противоречит духу казахского народа, поскольку наше общество обладает уникальной идеей свободы, уходящей корнями в глубину веков. Тем не менее, теоретически, на данном этапе развития права в нашей стране, такие неправильные решения возможны, поскольку в правовой системе отсутствует парадигматическое мышление.

Парадигматическое правовое мышление представляет собой применение философских, исторических и научных предпосылок, которые могут служить основой для принятия решений. Казахская юриспруденция имеет потенциал восстановить свое эволюционное развитие, обратившись к философским традициям до колониального и советского периода, и этот процесс может быть реализован через внедрение парадигматического мышления в правовую систему.

Ключевые слова: парадигма права, философия права, история права, эволюционное развитие права, парадигматическое мышление, правовой позитивизм.

FOUNDATIONS OF PARADIGMATIC THINKING IN LEGAL SCIENCE

Kokzhalov Ramazan Abayevich

LLM, Deputy Director of the Institute of Legislation and Legal Information
of the Republic of Kazakhstan; Astana c., Republic of Kazakhstan;
e-mail: Ramazan_Kokzhalov@kazguu.kz

Abstract. Paradigmatic thinking has not yet fully entered Kazakhstan's legal science, but it holds the potential to play a key role in making sound constitutional and legislative decisions. The concept of a paradigm provides a foundation for systematizing the history, philosophy, and science of law, contributing to the evolutionary development of law and fostering harmony between national identity and legislative processes.

A paradigm can be seen as the «lens» through which scholars view the world and its processes. Kazakhstan's Soviet past, along with Western legal doctrines, continues to influence its jurisprudence. All post-Soviet nations have drawn their legal foundations from Eurocentric and Americentric sources, which developed in different historical and cultural contexts.

Legal norms shaped in other environments do not always fit a specific society. For instance, China's Social Credit System, rooted in Confucian ethics, fits their context but is often criticized by Western nations. Such a system would contradict the Kazakh people's deep-seated idea of freedom. Yet, theoretically, at this stage in Kazakhstan's legal development, such misguided decisions remain possible due to the absence of paradigmatic thinking.

Paradigmatic legal thinking is based on philosophical, historical, and scientific premises that guide decision-making. Kazakhstan's jurisprudence has the potential to restore its evolutionary development by returning to pre-colonial and Soviet-era philosophical traditions, a process that can be achieved through the integration of paradigmatic thinking into the legal system.

Keywords: legal paradigm, philosophy of law, history of law, evolutionary development of law, paradigmatic thinking, legal positivism.

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_79_4_20

Қысқашы

Заң ғылымында «парадигма» тұжырымдамасының үлкен рөл ойнауға әлеуеті бар. «Парадигма» терминін ғылым аясында алғаш

қолданған американдық ғалым, философ – Т. Кун. Оның пайымдауынша ғылымның «бірқалыпты даму» кезеңдері болады. Бұл кезеңдерде ғылыми оңалысты қамтамасыз ету

үшін білім адамдары бұрын жеткен, баршамен мойындалған және сенімді нәтижелерге тіреу бола алатын ғылыми жетістіктерге сүйенеді. Сол жетістіктердің және әдіс-тәсілдердің жиынтығы - парадигма деп аталады [1].

Мақалада «заң парадигмасы», «құқық парадигмасы», «заң ғылымы/ғалымдары» «құқық ғылымы/ғалымдары» терминдері тең мәнде қолданылады.

Ғылымның кез-келген саласы секілді, заң ғылымында да, парадигмалық ойлауға арналған зияткерлік шеңбер болғаны анық. Парадигма тұжырымдамасын қолдана отырып заң теориясы мен іс-тәжірибесінің күрделі сұрақтарына жауап беруге болады. Т. Кунның ойынша парадигмалар ғылымның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді [2]. «Қалайша?» - деген сұраққа тоқталып кететін болсақ олар білім саласының әдіс-тәсілдерін, теориялары мен қағидаларының жиынтығы болуымен қатар олардың дұрыс қолданылуының кепілі бола алады.

Мақаланың басты мақсаты парадигмалық ойлаудың Қазақстанның құқық жүйесін дамытудағы рөлін анықтау, заң шығару және құқық қолдану қызметіне енгізу жолын анықтау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін осы мақалада құқық саласындағы парадигмалық ойлаудың түсініктері зерттеліп, Қазақстанның құқық жүйесі үшін олар қаншалықты ықпал ете алатыны, сондай-ақ олардың нормашығару процесі үшін маңыздылығы талданады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында ақпаратты жүйелі зерттеуге және тәртіпке келтіруге талдау жасау әдісі, Қазақстандағы құқықтың даму үдерісі мен шет мемлекеттердегі нормашығармашылықтағы парадигмалық ой үлесін анықтаудың салыстырмалы әдісі, батыстық және отандық ғылым эволюциясына тоқталу барысында тарихи әдіс, сонымен қатар парадигмаларды «оптикамен» салыстыруға жол беретін интерпретациялау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Парадигма функцияларының бірі – пайда болған білімді ретке келтіру. М. Мастерманның айтуынша парадигмалар кез-келген ғылым саласында хаостың алдын алып, маңызды ақпарат пен қосымша ақпаратты ажыратуға септігін тигізеді [3]. Тиісінше ол заң ғылымы саласында теориялар мен доктриналарды тәртіпке келтіріп, тұжырымда-

маларды дәйекті және бірізді етеді. Мысалы, құқықтық позитивизм бұл – мемлекет тарапынан шығарылған заңдар. Алайда сол заңдар моральдік қасиеттерге қайшы келсе де, олар орнықты болып қала береді. Демек, құқықтық позитивизм заң қабылдау үдерісіне, заңдылығына және бар болмысы мәселелеріне шоғырланып ақылақтықты, яғни моральды, өз шеңберінен шығарып, оны қарастыруға лайық емес қосалқы фактор деп қарастырады. Егер ғылым, көрсетілген мысал сияқты, жүйелік пен сәйкестікке келмесе әрбір теория мен тұжырым маңызды факторларды ажырата білмеу себебінен біркелкі болатын еді.

Т. Кунның пікірінше ғылым кезеңдері бірқалыпты және дағдарысты болып бөлінеді. Ғылыми дағдарыс кезінде парадигмалар өте маңызды рөлге ие, себебі олар ескі парадигмаларға күмән келтіріп, кейін олардың орнын басып алады [2]. XX-XXI ғасырға дейін халықаралық құқық ілімі мемлекеттердің зайырлығы парадигмасының аясында дамып отырды. Алайда, кейін мемлекеттердің зайырлығы парадигмасы адам құқықтары парадигмасымен алмастырылмағаны екіталай. Одан басқа, Т. Кун білім адамдары үшін парадигмалардың тек дәл өздері бағдар беріп отырады деген ой шығарып, «ғылыми тәсілді» сынауға ұшыратқан. Парадигмаларды прецедент тәріздес деуге болады. Құқық саласы заңдардың бірізді қолдануын көздегенімен, сот шешімдері олардың қолдану аясын көрсетіп, заңдарды түсіну жүйесін орнатады. Мұндай жүйе заңның болашақта қолдану тәсілін және шеңберін азаматтарға мәлім етеді [4]. Осыған ұқсас ғалымдар да жаңа мәселелерді шешу үшін ескі ғылыми жетістіктерді қолданады.

Парадигма мен теорияның айырмашылығын талдасақ, парадигма – кең ауқымды түсінік. Ол ғылыми қоғамның белгілі бір пікір, әдіс-тәсілдер мен сын-ойларының жиынтығы. Парадигма ғалымдар әлемді қалайша көріп жүргенін түсіндіретін жалпы қағидалар мен теорияларды қамтиды. Ал теория болса, белгілі бір құбылысты түсіндіретін анықтама немесе модель. Теория парадигма аясында орын тапқан эмпирикалық мәлімет пен логикалық қорытындыларға сүйенеді. Ол әлемнің белгілі бір көрініс-қырларын гипотезалар арқылы түсіндіреді. Өз кезегінде гипотезалар да тәжірибе жолымен тексеріледі және расталады. Демек, парадигма мен теорияның айырмашылығы – парадигма ғылыми зерттеу үшін кең ауқымды шеңбер мен алғышарт құрса, теория осы

шеңбер аясында нақты бір анықтамалардың жиынтығы болып табылады. Парадигма көптеген теорияларды қамтуы мүмкін. Сондай-ақ, парадигмалардың алмасуы теориялардың қайта қарастырылуына не пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін.

Американдық заңгер Р. Стерн «Micro Law: The Tyranny of Paradigms» атты мақаласында қалыптасқан парадигмалардың бірін сынап, келесідей мысал көрсетеді: адамның жеке мүлкіне қол сұғылмаушылық түсінігі толық орныққан. Тиісінше, адам өз мүлкімен қалағанын істейді. Егер ол мүлік жер немесе ғимарат тәріздес жылжымайтын мүлік болса, мүлікке қол сұғылмаушылық қағидасы қолданылады. Жеке тұлға зауыт-фабрика сияқты өнідіріс орындарын иемденіп отырса, одан шыққан түтін және басқа да улы химикаттардан келетін зиянға жауапты болады. Бұған құқықтық негіз болып отырған Noxious effluvia компаниясының (улы бу-түтін газ қалдықтарының) жабайы жануарлармен теңестірілуі. Нақты айтар болсақ, хайуанаттар бағын алсақ, одан қашқан жабайы аңдар жеке тұлғаларға зарар келтірсе, сол хайуанаттар бағының иесі жауапкершілікке тартылады. Сәйкесінше, мұны аналогия ретінде ала отырып, заңгерлер өнеркәсіп объектілерінен шыққан улы газ-түтіндерін жабайы аңдарға теңейтін жауапкершілік бекіткен. Р. Стерннің пікірінше бұл орныққан парадигмалардың бірі деп айтуға тура келеді. Өйткені келтірілген мысалда ойлау әдіс-тәсілі қолданылады. Өз кезегінде парадигмалар ғалымдардың күрделі сұрақтарды шешу жолында бұрынғы ғылыми жетістіктерді қолдану жолын басқарады. Түтін мен қоршаған ортаны ластау үшін жауапкершілік бұрын қалыптасқан жанама зардап үшін келтірілген жауапкершілік қағидасымен салыстырылған. Яғни ескіден орныққан жанама жауапкершілік қағидасы жаңадан шыққан түтін мәселесіне қолданылған. Көрсетілген аналогиямен келіспей, Р. Стерн заңгер ғалымдарды парадигмалық ойлаудан гөрі әрбір жеке жаңа мәселеге қатысты жан-жақты қарастырылған жаңа шешім табуды ұсынды [5].

Басқа ғалымдар Р. Стерн сияқты сыни пікірді бүгінгі күнге дейін білдірген жоқ. Керісінше парадигмаларды қолдана отырып заңгерлер ғылыми жаңалықтар ашып отыр.

Ж. Коэн заң парадигмасын Т.Кун берген анықтамаға келтіріп, оны ғылыми теория немесе заң доктринасынан бөлек екенін қарастырады. Парадигманы біріктірілген когнитивті және нормативті алғышарттар деп анықтайды. Бұл алғышарттар заңнама-

лық және соттық интерпретацияларды бір бағытқа келтіреді. Сондай-ақ, ол мемлекет пен қоғам арасында заңның қатынастарды қалай орнату керектігінің түсінігін қалыптастырады да, құқықтық реттеудің жарамды формаларын анықтайды. Кез келген парадигма идеологияға айналып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайлар, заман талаптары және мәселелері өзгеріп, ал ғалымдар ортадағы өзгерістерді байқамай ескі тәсілдерге сүйене берген кезде орын алады. Тиісінше, жаңа жағдайларға бейімделмеген парадигма құқықтар мен қағидалардың жаңашыл интерпретацияларына тосқауыл қояды [6].

Ж. Коэн заң парадигмаларының екі түріне тоқталған. Олар – либералды модель және әл-ауқат моделі. Либералды парадигмаға сай мемлекет жеке тұлғалардың өмірлеріне неғұрлым аз араласуы қажет. Оның пікірінше мемлекет барлық тұлғалардың теңдігін мойындап олардың жеке өмірлеріне, жеке кәсіптеріне, сонымен қатар жеке тұлғалардың өзара қарым қатынастарына араласуы өте төмен деңгейде болу керек [6]. Ал әл-ауқат парадигмасы болса, мемлекет қоғамдық әділдікті орнату мақсатында экономикалық және қоғамдық процеске араласу құқығына ие. Аталмыш мақсатқа баса назар аударып, үкімет қоғам мүшелерінің алдында кез-келген талаптар қоюға құқылы. Яғни әл-ауқат парадигмасында заң нормалары әлеуметтік экономикалық құндылықтарды теңдік орнату мақсатымен қайта таратуға бағытталған болса керек [7, 88 б.].

Әл-ауқат пен либералды модельдер батыс елдерінің саяси және құқықтық ортаны қалыптастырып отырған заң парадигмалары олар қоғамның қара нәсілділердің және тағы басқа аз топтар өкілдерінің дискриминациясын тоқтату, прогрессивті салық түрлерін енгізу, қоғамдық теңдік орнату әл-ауқат заң парадигмасының көрінісі бола алады. Ал жаңадан қалыптасып жатқан аз қоғамның топтары өкілдерін қоғамға шығару, бір жынысты неке құру, ұмытылу құқығының пайда болуы (the right to be forgotten) және жаппай жеке өмір және дербес деректерді қорғауға арналған заңдарды қабылдау, либералды заң парадигмасының шеңберінде пайда болады.

Бұл парадигмалардың тамырында жатқан түпкілікті парадигма – құқықтық позитивизм.

Құқықтық позитивизмді парадигма ретінде таныған француз заң ғалымдары – Б. Дюпре және Ж. Альперин. Олардың пайымдауынша XVIII ғасырда құқық ілімі парадигмалық революцияны бастан кешірген болатын. Осы кезең заң болмысының түсіні-

гін екі тарапқа бөлгендіктен, ғалымдар оған «Ұлы бөлініс» деген атау қойды. Бөліністен бұрын құқық саласы өнер не болмаса қоғамның кең тараған қасиетті қағидалары ретінде қарастырылған. Бөліністен кейін құқық саласы басқа парадигма тарапынан талқылана бастады. Мұнда - адам баласы құқық жаратушысы рөлін ойнап, құқық нормалары жүйелендіруге лайық объектілерге айналып, құқық позитивизмі парадигмасының кезеңі басталады. Заманауи құқықтық позитивизм парадигмасының басты құрамды бөліктері – құқық философиясы, құқық тарихы және құқық ғылымы. Осы салалар құқықтық ғылым тарапынан зерттеуге болатын объектілер айналды. Бөлініске дейінгі кезең болса, құқықтың қасиетті зат болып танылғаны анық [8, 15 б.].

Қазақстан Республикасының заң ғылымы құқықтық позитивизмге толығымен келген жоқ деп айтуға болады.

Мақала авторы құқықтық позитивизм парадигмасын қолдамайтынын және де еліміздің заң ғылымын келесі жазылатын мәтін жалғасында дәріптемейтінін ескереді.

Құқықтық позитивизмінің құқық тарихы, құқық философиясы және құқық ғылымы атты құрамдас бөліктері бар деп жоғарыда көрсетіледі. Осы элементтерінің тек біреуі ғана отандық заң ғылымдарында үлкен назарға ие. Ол – құқық ғылымы. Осы сөздің анықтамасына тоқталсақ құқықты ғылым ретінде алғаш болып құптаған Гарвард құқық мектебінің деканы Х.К.Лангделл болатын. Оның пікірінше құқық ғылымы қағидалар мен доктриналарды қамтиды және бұл элементтердің объективті өмірде қолдануға жарамдылығын тексереді [9]. Ш. Койл мен Д. Павлакос құқық ғылымы деп құқық саласына ортақ болған пікір, тұжырымдама мен тұжырымдамалардың талдауына қатысты барлық дауларды қарастырған [10].

Қазақстанда мұндай процестердің болып жатқаны рас, бірақ құқық ғылымына қатысты мәселе жоқ деуге болады.

Ендеше, Қазақстандағы құқық тарихы мен құқық философиясын талқылайық. Елімізде құқық тарихы мен құқық философиясы бар болғанымен, олар қазіргі нормашығармашылық үдерістерге ықпал етпейді.

Қазақ елінің алғашқы құқық тарихшысы және философы Ш. Уәлиханов өз еңбектерінде қазақ қоғамының құқық құрылымын және сол кезге дейін жеткен құқық жүйесіне талдау жүргізген. Патшалық сот реформасына қатысты хаттарында империяның қазақ қоғамына қатысты жүргізген саясатын жер-

гілікті халыққа лайықсыз екенін дәлелдеген. Сондай-ақ, Ш.Уәлиханов батыс әлемінің заң ғалымдарын терең зерттеп, пікірлерін империализмге қарсы қолданған. Оның келесідей сөздері бар: «Джон Стюарт Милдiкi өте дұрыс, әлде бiр сославияға жаңа құқықтар берерден бұрын, алдымен осы сославия адамдарының ақыл-ес, адамгершiлiк және саяси сапасын айқындайтын нақты ғылыми зерттеулер жүргiзiлуi керек» [11]. Көрсетiлген мысалдар Ш.Уәлихановтың құқық тарихы мен құқық философиясына қатысты ойларының тек бiр бөлiгi. Ш.Уәлихановтан кейiнгi қазақ елi құқығының көрнектi тарихшысы С.Зиманов болатын. Сонымен қатар, қазақ құқығының тарихы мен философиясының басқа да жарқын қайраткер-ғалымдар бар. Дегенмен, олардың сын-пiкiрлерi елiмiздiң қазiргi құқық жүйесiне ықпалы екiталай.

Бұл жақтағы ахуалды батыстағы заң ғылымымен салыстырған жөн. Мысалы, батыстық құқықтық позитивизм құқық тарихы және философиясының эволюциясымен дамыған. Заманауи батыстық либералды және әл-ауқат заң парадигмалары оның айқын көрiнiсi. Бұл идеялардың алғашқы нышандары ежелгi Грек философы Аристотель еңбектерiнен бастау алып, кейiн Т. Аквинат (XIII ғ.), М. Лютер (XV ғ.), Дж. Локк (XVII ғ.), Ш. Л. де Монтескье (XVII ғ.), И. Кант (XVIII ғ.), Дж. Бентам (XVIII-XIX ғ.), Дж. Остин (XIX ғ.), Дж. С. Миль (XIX ғ.), Г. Харт (XX ғ.), Дж. Роулз (XX ғ.), Л. Фуллер (XX ғ.), Ю. Хабермастардан (XX - XXI ғ.) У. Кимлика мен Дж. Финниске жеттi. Бұл аталмыш заңгер ғалым-қайраткерлердiң пiкiрлерi құқық тарихшылары мен философтар тарапынан зерттелiп даму алғанын атап өтетiн маңызды жайт. Мысалы, Дж. Бентамның утилитаристтiк пiкiрлерi кейiн А. Линкольннiң «адамдарға тиесiлi, адамдармен құрылған және адамдарға арналған мемлекет» доктринасына айналды [12]. Жалпы алғанда, аталмыш тұлғалардың пiкiрлер жиынтығы қазiргi батыс заң ғылымына позитивизм парадигмасы тарапынан ықпал етiп отыр.

Алайда, Қазақстан заңнамасында, елiмiздiң аумағында туған ғалым-философтардың пiкiрлерi отандық заң парадигмасын қалыптастыруда орын алмайды. Мұндай қайраткерлердiң қатарына Йоллығ Тегiн, Әл-Фараби, Жүсiп Баласағұни, Ахмет Йүгiнеки, Қожа Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Жиренше Шешен, Бұқар Жырау, Қазыбек Би, Төле Би, Әйтеке Би және тағы да басқаларды жатқызуға болады. Б.З. Иманмолдаева

қазақ қоғамында Күлтегін ескерткіштерінің жазуын салған Йоллығ Тегін мен Әл-Фарабиден бастап Абай-Ыбырайға дейінгі ұрпақтар сабақтастығы феномені бар екендігін дәлелдейді [13]. Тиісінше бұл жаңалық еліміздің өзіндік құқықтық рухы бар екендігінің айқын көрінісі болып табылады.

Ұлттық құқық парадигмасының қалыптасуына ықпал ететін Қазақстанның құқық жүйесінің бірегей тетіктерін анықтау ерекше ғылыми маңызға ие. Еліміздің құқық философиясын, тарихи және мәдени тамырларын зерттеу еуропадан өзгеше жаңа парадигма үшін негіз бола алады.

Парадигмалық ойлау Қазақстан Республикасының тарих бойы қалыптасқан қоғамдық әділеттілік пен тепе-теңдік қағидаттарына назар аударуға мүмкіндік береді.

Қазақ заң ғылымының парадигмалық ойлаудың негізі Йоллығ Тегін, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни және Ш. Уәлиханов сияқты ойшылдардың еңбектерінде жатыр. Олардың шығармалары жаңа құқықтық парадигманы құру үшін іргетас бола алады. Бұл мақсатқа жету отандық құқықтық философияны дамытуды, оны білім беру бағдарламалары мен заңнамалық процестерге енгізуге бағытталған күш-жігер жұмылдыруды талап етеді.

Қазіргі кезде отандық заң саласы нақты бір бағытсыз дамып жатыр. Мұның айқын көрінісі қабылданып жатқан заңдардың түпкілікті мақсатының жоқтығы. Заңның тек тәртіп орнатуға мақсат қоймайтынын ескерген жөн. Себебі қоғамдық құндылықтарға байланысты тәртіп түсінігі мен заңдылық түсінігі де өзгеріп отырады. Олар абсолютті түсінік-қағидалар емес. Ғасырлар бойы қазақтың даналары заң мен мемлекет болмысының мақсаты қоғамды біріктіріп, сақтап оның жеке тұлғалардың кемелденуіне (дамуына) бағытталғанын анық білген. Заң тек тәртіп орнатуды мақсат етеді деп тек авторитарлық, не буржуазиялық, не сословиелік мемлекеттер түсінеді.

Ұсынылып отырған парадигмалық ойлау тәсілі Қазақстанның отарлық және кеңес дәуірлері кезінде жоғалған құқық және мемлекет болмысының философиялық мағынасын қалпына келтіреді. Бұл модель романо-германдық және англо-саксондық құқық жүйелерінде үстемдік ететін догматикалық құқықтық позитивизмнен бас тартуға мүмкіндік береді. Айта кетсек, батыстық парадигмалық ойлау шын мәнінде мемлекеттің тек экономикалық жағдайын түзетуге мақсаттанған. Ал, қазақ даласында, жоғарыда

айтылғандай, тарих бойы қалыптасқан парадигмалық ойлау мемлекет пен құқықтың 3 негізгі мақсатын белгілейді – елді біріктіру, елді сақтау және елдегі жеке тұлғалардың дамуына жағдай жасау.

Еліміздің қазіргі заңнамасы мен болмысының философиясы мұндай мақсаттарды ешбір жерде белгілемейді. Қазіргі заңдар кез-келген мүдделерді қолдау үшін қабылданып, бұл 3 фундаменталды маңызы бар мақсаттарды алға қоймайды. Мемлекет пен құқық болмысының түпкілікті мақсаттарын біліп оларды әрбір саяси және құқықтық шешім қабылдау барысында басты назарға алу керек.

Парадигмалық тәсілді қолдану Қазақстанға заңнаманың құрылымын ғана емес, оның мағынасын да қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл әділетті, инклюзивті және тұрақты қоғам құруға жағдай жасайды.

Осылайша, парадигмалық ойлау тәсілі Қазақстанның қазіргі құқық жүйесіндегі олқылықтардың орнын толтырып қана қоймай, оны ұлттық құндылықтар мен мәдени мұра негізінде одан әрі дамыту үшін негіз қалайтын әдіснаманы білдіреді.

Осыған орай парадигмалық ойлау еліміздің жаһандану заманында ұлттық болмысын сақтауға едәуір үлес қосып, қоғамда тұрақтылық пен тәртіптің орнығуын нығайтуға көмектеседі.

Қорытынды

Жоғарыда көрсетілген ойшылдардың пікір-ойлары қазақ елінің ерекше заң парадигмасын қалыптастыруда зор әлеуеті бар. Қазақ заң ғылымында парадигмалық ойлау әлі күнге дейін қалыптаспау себебі қоғамымыз құқық философиясы мен тарихынан өнеге алмай, тек мезеттік пайда әкеліп отыратын шетелдік тәжірибеге негізделген норма шығару шешімдерін таңдап отыруында деп білеміз.

Парадигмалық ойлау қазақстандық құқықтық ғылым үшін үлкен мәнге ие. Оны тәжірибеге енгізу үшін бірнеше нақты нұсқаларды қарастырған қажет. Біріншіден, ұлттық құндылықтар мен мәдени ерекшеліктерге назар аудара отырып, жаңа заңдарды әзірлеу барысында парадигмалық ойлауды қолданған жөн. Мысалы, Қазақстанда жаңа қарым-қатынастарды реттейтін заңды қабылдаудан бұрын, оның қазақтың ұлттық философиясы мен мәдениетіне қаншалықты сәйкес келетініне сараптама жүргізіп, керек жағдайда оған бейімдеу жолдарын табу арқылы парадигмалық тәсілді енгізуге болады.

Екіншіден, болашақ заңгерлердің парадигмалық талдау дағдыларын дамыту үшін заң білімін реформалау маңызды. Ол үшін құқық философиясы мен құқықтық антропология пәндерін енгізіп халықаралық құқықтық нормаларды сыни тұрғыдан бағалау әдебін қалыптастыру қажет.

Аталмыш шаралар заңгерлерге өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізбен үйлесімді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Әрине, дұрыс парадигмалық ой дәстүрін қалыптастыру үшін жоғарыда аталған тарихи тұлғаларымыздың құқыққа, мемлекетке және әділдікке қатысты пікірлерін жүйелеу қажеттілігі туындап отыр. Отандық құқық философиясын дамытуға көп күш жұмылдыру керек. Құқық тарихы мен ондағы тәжірибелерден үлгі алып, қабылданып жүрген заңнаманы жетілдірудегі рөлін анықтауда парадигмалық ой дәстүрі үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Kuhn T.S. *The Structure of Scientific Revolutions*. – Chicago: The University of Chicago Press – (International Encyclopedia of Unified Science. Foundations of the Unity of Science; v. II, no. 2) 1970. – 223 б.
2. Mackenzie K.D., House R.J. *Paradigm Development in the Social Sciences: A Proposed Research Strategy* // *Academy of Management Review*. Vol 3. – 1978. – 7-23 б.
3. Masterman M. *The Nature of a Paradigm* // In: Lakatos I., Musgrave A. (Eds.). *Criticisms and the Growth of Knowledge*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1970. – 59-90 б.
4. Wray K.B. *Kuhn's Intellectual Path: Charting the Structure of Scientific Revolutions*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2021. – 39-40 б.
5. Stern R.H. *Micro Law: The Tyranny of Paradigms*. // *IEEE Micro*. – 1997. – 3-4 б.
6. Cohen J.L. *Regulating Intimacy: A New Legal Paradigm*. – Princeton: Princeton University Press, 2002. – 3-4 б.
7. Kymlicka W. *Contemporary Political Philosophy: An Introduction*. – Oxford: Oxford University Press, 2002. – (Second edition) – 512 б.
8. Dupret B., Halpérin J-L. *State Law and Legal Positivism: The Global Rise of a New Paradigm*. – Leiden; Boston: Brill Nijhoff, 2021. – (Legal History Library; Vol. 55) – 512 б.
9. Law Library - American Law and Legal Information Free Legal Encyclopedia: Robert Lee Carter - Further Readings to Child Molestation. Case Method - Further Readings - Law, Students, Langdell, and Legal // JRank Articles [Электрондық ресурс]. – URL: <https://law.jrank.org/pages/5049/Case-Method.html#ixzz8pUhfFWnv> (жүгінген күні: 23.10.2024).
10. Coyle S., Pavlakos G. (eds.). *Jurisprudence or Legal Science? A Debate about the Nature of Legal Theory*. – Oxford: Hart Publishing, 2005. – 174 б.
11. Исакаев Ж. *Адам - таңғажайып құбылыс*. 27 Маусым 2015 [Электрондық ресурс]. – URL: https://massaget.kz/asyil_soz/adam-tangajayyp-kubyilyis-29886/ (жүгінген күні: 23.10.2024).
12. Mieder W. *Proverbs Are The Best Policy: Folk Wisdom And American Politics*. – 1st ed. Utah State University Press, 2005. Project MUSE [Электрондық ресурс]. – URL: <https://muse.jhu.edu/book/9278> (жүгінген күні: 23.10.2024).
13. Иманмолдаева Б.З. *Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау*. Филос. ғыл. докт. дисс. – Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2024 – 135 б.

REFERENCES

1. Kuhn T.S. *The Structure of Scientific Revolutions*. – Chicago: The University of Chicago Press – (International Encyclopedia of Unified Science. Foundations of the Unity of Science; v. II, no. 2) 1970. – 223 b.
2. Mackenzie K.D., House R.J. *Paradigm Development in the Social Sciences: A Proposed Research Strategy* // *Academy of Management Review*. Vol 3. – 1978. – 7-23 b.
3. Masterman M. *The Nature of a Paradigm* // In: Lakatos I., Musgrave A. (Eds.). *Criticisms and the Growth of Knowledge*. – Cambridge: Cambridge University Press, 1970. – 59-90 b.
4. Wray K.B. *Kuhn's Intellectual Path: Charting the Structure of Scientific Revolutions*. – Cambridge: Cambridge University Press, 2021. – 39-40 b.

5. Stern R.H. *Micro Law: The Tyranny of Paradigms*. // *IEEE Micro*. – 1997. – 3-4 b.
6. Cohen J.L. *Regulating Intimacy: A New Legal Paradigm*. – Princeton: Princeton University Press, 2002. – 3-4 b.
7. Kymlicka W. *Contemporary Political Philosophy: An Introduction*. – Oxford: Oxford University Press, 2002. – (Second edition) – 512 b.
8. Dupret B., Halpérin J-L. *State Law and Legal Positivism: The Global Rise of a New Paradigm*. – Leiden; Boston: Brill Nijhoff, 2021. – (Legal History Library; Vol. 55) – 512 b.
9. Law Library - American Law and Legal Information Free Legal Encyclopedia: Robert Lee Carter - Further Readings to Child Molestation. Case Method - Further Readings - Law, Students, Langdell, and Legal // JRank Articles [Elektronдық resurs]. – URL: <https://law.jrank.org/pages/5049/Case-Method.html#ixzz8pUhjFWnv> (zhygingen kыni: 23.10.2024).
10. Coyle S., Pavlakos G. (eds.). *Jurisprudence or Legal Science? A Debate about the Nature of Legal Theory*. – Oxford: Hart Publishing, 2005. – 174 b.
11. Isakaev Zh. Adam - таңазжайыр құбылыс. 27 Maysym 2015 [Elektronдық resurs]. – URL: https://massaget.kz/asyil_soz/adam-tangajayyip-kubyilyis-29886/ (zhygingen kыni: 23.10.2024).
12. Mieder W. *Proverbs Are The Best Policy: Folk Wisdom And American Politics*. – 1st ed. Utah State University Press, 2005. Project MUSE [Elektronдық resurs]. – URL: <https://muse.jhu.edu/book/9278> (zhygingen kыni: 23.10.2024).
13. Imanmoldaeva B.Z. *Ұрақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау. Filos. ғыл. dokt. diss.* – Almaty: Abaj atyndazy Қазақ ұлттық педагогикалық университети, 2024 – 135 b.

